

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

оқытушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы
**«Мектепке дейінгі ұйым мамандарының шығармашылық, ғылыми-
зерттеушілік құзіреттіліктерін дамытудың педагогикалық аспектілері»**
Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің мамандарын оқытуға арналған

Бағдарлама авторы:

Қашқынбаева З.Қ. – п.ғ.к., М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының
қауымд.профессоры (доцент)

Бағдарлама мыналарды ескере отырып әзірленген:

Тақырыптық - күнтізбелік жоспарды дайындауда 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс: – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654>);

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. Жалпы ережелер

Еліміздің білім беру саясатындағы көкейтесті мәселелердің бірі де осы мектепке дейінгі ұйым мамандарының құзіреттіліктерін жүйелі дамыту болып табылады. Педагогтың кәсіби біліктілігі оның іс-әрекетінің тиімді болуының теориялық және жалпы әдіснамалық негізі болып табылады. Соның ішінде мектепке дейінгі ұйым мамандарының кәсіби білігі оның практикалық қызметінде іске асырылады, сондықтан ол, оның жалпы педагогикалық, әдістемелік біліктілік дағдысымен өте тығыз байланысты. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының өз білімдерін жүйелі көтеріп отырулары – олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі фактор.

Мектепке дейінгі ұйым мамандарының шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін қалыптастыру, жетілдіру жұмысына сапалық серпіліс жасауға, оған шын мәнінде үздіксіз, біртұтастық сипат беруге, мектепке дейінгі ұйымнан бастап, мектеп, басқа да білім беру мекемелерінің, арнаулы, жоғары білім беретін оқу орындарының бірігіп ғылыми-практикалық және әдістемелік тұрғыда жұмыс жасауын қолға алуға, яғни үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің біртұтастық, бірізділік, икемді, динамикалық, т.б. қалыппен жүргізуге бағытталуы тиіс.

Осыған орай «Мектепке дейінгі ұйым мамандарының шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін дамытудың педагогикалық аспектілері» курсы мектепке дейінгі ұйым мамандарының құзіреттіліктерін дамытуға және қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама мазмұны мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау саласындағы нормативтік құжаттарды, теориялық және практикалық мәселелерін қарастыруға, мәліметтерін өңдеу және талдау, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білім беру жағдайы мен тиімділігі бойынша тәжірибе жинақтауға бағдарланған.

Мектепке дейінгі ұйым мамандарының кәсіби құзіреттіліктерін арттыру-мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту және тәрбиелеу технологияларымен, ата-аналармен жұмыс істеу, сондай-ақ педагогикалық құжаттаманы әзірлеу мен ресімдеудің дәстүрлі емес тәсілдерімен таныстыруды көздейтін кешенді шығармашылық процесс. Балабақшада ең алдымен, тәрбиешілердің белсенділігі мен бастамаларын арттыру үшін, олардың шығармашылық ізденістерін ояту және көтермелеу үшін жағдай жасау керек. Тәрбиешінің педагогикалық сауатты жұмысының негізі - оның әдіснамалық, тұлғалық өсу мен дамудың шарты ретінде үздіксіз білім берудің қазіргі заманғы тұжырымдамасы болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйым мамандарының арнайы білімі, біліктілігі, дағдылары мен сапалары кәсіби құзіреттілік ұғымымен біріктірілген. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешінің құзіреттілігі бұл оның кәсіби міндеттерді тиімді атқара білуі, педагогикалық әрекетке эмоционалдық құнды қатынас пен ғылыми білімнің негізі болатын міндеттерді анықтайтын талаптар. Үздіксіз педагогикалық білім беруге байланысты жаңа әлеуметтік тапсырыстар,

мектепке дейінгі жастағы балаларға білім беру саласындағы инновацияда өз-өзінен дамуға қабілеті бар педагогтардың квалификацияларына қойылатын талаптар түрінде көрінеді. Мектепке дейінгі ұйымдарды заман талабына сай жаңарту тәрбиешінің кәсіби құзіреттілігі ұғымына толықтырулар енгізумен қатар жаңа міндеттер жүктеуде. Жаңа жағдайлар кәсіби құзіреттілік ұғымына түзетулер енгізуді талап етуде.

Еліміздің бүгіні мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – баланы шығармашылыққа жетелеу. Бұл тәрбиешіден терең біліктілікті қажет етеді. Біліктілік – бұл білімді меңгерудегі, тәжірибедегі білімділікті, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік. Бүгінгі күн педагогтың біліктілігін арттыруды жалпы қоғамдық мәселе ретінде қарастыру қажеттігі туған кезең. Себебі білімді тереңдету, молайту, жетілдіру, арттыру жеке басы үшін ғана емес, қазіргі қоғамға қажет әрекет деп қабылдауымыз керек. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі педагогтың дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол педагогтың өзін-өзі дамуына, өзіндік білім алуына және өздігінен шығармашылық түрде қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі заман талабы, білімді, білікті, өздігінен тығырықтан шығар жол таба білетін іскер адамды тәрбиелеу болып табылады.

2. Глоссарий

- Құзыреттілік - тұлғаның іс-әрекетінің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі;
- Педагогтің кәсіби құзыреттілігі – нәтижелі білім берудің негізі, оның жан-жақты білімімен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен өлшенеді;
- Құзырет - алға қойған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық;
- Құзыреттілік» (латын сөзі) competens – қабілетті, қатысты деген мағынаны білдіреді;
- Құзыреттілік – тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш–жігердің болуы;
- Құзыреттілік–тұлға іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі;
- Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды;
- Құзыреттілік– бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі;
- Құзыреттілік – хабардар болушылық, абыройлық;
- Құзырет – жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы;
- Құзырлылық - тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде енгізіліп отырған ұғым;
- Педагогтардың ақпараттық құзырлылығы – оқу –тәрбие үдерісіне ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті болса, ал ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық дегеніміз мектеп пәндерін оқытуға ақпараттық-коммуникациялық технологияның дидактикалық мүмкіндіктерін қолдану мен әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке еркін түрде ену арқылы өздігінен жетілдіру қабілеті;
- Мектепке дейінгі ұйым мамандарының ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін жетілдіру - мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіптік жұмысының мәнін үйлесімді өзгерту, яғни басты қызметтік нұсқауды орындау емес, күтетін нәтижеге жету үшін оқу үрдісін шығармашылықпен үйлестіру;
- Арнайы немесе қызметтік кәсіби құзыреттілік- жоғары кәсіби деңгейде қызметті меңгерумен және тек арнайы білімді игеріп қоймай, сонымен бірге оны тәжірибеде қолдануды білумен сипатталады;
- Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік – кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін, біріккен кәсіби қызмет және серіктестік әдістерін игеру мен сипатталады;
- Жеке кәсіби құзыреттілік - өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту әдістерін, кәсіби деформацияға қарсы тұру құралдарын меңгеру мен

сиппаталады. Және осыған маманның өз кәсіби қызметін жоспарлауды, өз бетімен шешім қабылдауды, проблеманы көруді енгізеді;

- Дара (индивидуальды)кәсіби құзыреттілік - өз-өзін басқара білу тәсілдерін, кәсіби өсуге дайындық, кәсіби қартаюға берілмеу, кәсіби мотивацияның табанды болуы қасиеттерін меңгерумен сиппатталады;
- Кәсіби құзыреттілік маманның әлеуметтегі - дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік-кәсіби сипаттама.
- Құзырлылық – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы;
- Педагогика ғылымында құзыреттілік – тұлғаның белгілі бір сферадағы функциялары мен уәкілеттілігін анықтайтын, оның интегративті қасиеті;
- Құзыреттілік - белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді;
- Озат педагогикалық тәжірибе — қоғамдық педагогикалық қызметтің бастауы ретінде, нақты жағдайларды, балалардың, ұжымның және жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескерумен бірге, педагогтың жұмыс тәжірибесінде педагогика заңдары мен принциптерін белсенді түрде меңгеруі және іске асыруы;
- Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерістердің инновациялылығы – мектеп жасына дейінгі балалардың тиімді дамуына себін тигізетін жаңа технологияларды мақсатты ендіру;
- Тұлғалық - өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақта өзі таңдайтын кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу;
- Азаматтық - қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, діні мен тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі;
- Технологиялық- ақпараттық технологияла
- рды, білім беру технологияларын сауатты пайдалану;
- Басқарушылық –баланың кез келген қиындықты өз күшімен шеше білу қабілеті;
- Ақпараттық - ақпарат көздері арқылы өзіне керегін тауып, білімін көтеріп отыруы;
- Әлеуметтік – өзі өмір сүретін ортада өзін еркін сезініп, әрекет жасай алу қабілеті;
- Құзыреттілік – шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған білім беру негіздерінің бірі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Модуль 1. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқытудың педагогикалық негіздері	Модульдің міндеті, Бағдарламаға қатысушыларды Мектепке дейінгі білім беру тарихымен, негізгі ұғымдары мен принциптерімен таныстыру, Қазақстандағы қазіргі жағдайда мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқытудың педагогикалық негіздерін саралай отырып, баланы мектепке даярлау метадологиясын үйрету, Модуль мектепке дейінгі ұйым мамандарының баланы дамыту туралы негізгі түсініктерін қалыптастыруға бағытталған.
Модуль 2. Тәрбиешінің шығармашылық, ғылыми- зерттеушілік құзіреттіліктерін жетілдіруді жоспарлау	Ұсынылған модуль Тәрбиешінің шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін жетілдіруді жоспарлау бойынша нұсқаулықтар беру, талдау және түсіндіру, Қазіргі жағдайда мектепке дейінгі ұйым мамандарының шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін жетілдірудің психологиялық-педагогикалық негіздері бойынша кеңестер беру. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасын ескере отырып, педагогтарының креативтілігін жетілдіруді жоспарлауға және құрылымдауға үйрету, негізгі әдістерін меңгеруге бағытталған.
Модуль 3. Технологиялық ресурстар	Модуль қатысушыларды шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін жетілдіру элементтерін, тиімді әдістеріне үйретуге бағытталған. Қатысушылар ресурстарды тиімді және оңтайлы пайдалануды, сондай-ақ аудитория алдында презентацияларды қорғау үшін көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын меңгеруді үйренеді. Педагогтардың креативтілігін жетілдіруге ерекше назар аударылады.
Қорытынды бағалау	Мектепке дейінгі ұйым мамандарының шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін жетілдіру бойынша қалыптасқан дағдыны презентация арқылы бағалау.

4. Мақсат, міндеттер және бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Курс мақсаты: мектепке дейінгі ұйым мамандарының шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін дамыту үрдісінің тұтастығын қамтитын және оның объективті түрде шартталуын көрсететін педагогикалық аспектілерін көрсету.

Курс міндеттері:

1. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының мектеп жасына дейінгі балалар топтарында жұмыс атқару біліктіліктерін арттыру;

2. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін дамытудың педагогикалық аспектілерін қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайларды анықтау;

3. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының жеке, жұппен, топпен жұмыс атқару дағдысын қалыптастыру.

Курстың практикалық маңыздылығы

«Мектепке дейінгі ұйым мамандарының шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін дамытудың педагогикалық аспектілері» атты бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде орны мен маңызы зор. Себебі қазіргі уақытта елімізде педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесін жаңарту мен жетілдірудің ең өзекті аспектілерінің бірі курсты бітірген тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу мәселесі болып табылады. Педагогтердың біліктілігін арттыру мақсатында рефлексия, ситуациялық жағдаяттарды шешу жоспарлы түрлі жүзеге асырылып келеді. Курстан кейінгі кезеңде педагогті сүйемелдеу педагогтармен жұмыстың перспективті түрі болып табылады, ол танымдық қызметті жандандыруға, білім беру нәтижелерін қалыптастыруға, өзін-өзі талдау мен өзін-өзі бағалаудың рөлін арттыруға мүмкіндік береді.

Пәнаралық интеграцияны күшейту Мектепке дейінгі ұйым мамандарының шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін дамыту мектеп жасына дейінгі баланың жұмыс жасау процесіне ықпал етеді.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

1) Мектепке дейінгі ұйым мамандарының шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін дамытудың теориялық негізін меңгереді;

2) Мектепке дейінгі ұйым мамандарының шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін дамытудың педагогикалық аспектілеріне мониторингтік сараптама жасай білуді меңгереді;

3) Педагогикалық әрекеттерді қарқындалу жағдайында қазіргі АКТ технологияларды, интербелсенді әдіс-тәсілдерді меңгереді.

5.Бағдарлама құрылымы мен тақырыптары

Модуль 1. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқытудың педагогикалық негіздері	1.1. Нормативті құжаттар 1.2. Мектепке дейінгі ұйым мамандарын даярлау тарихы мен дамуы. 1.3. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының мектеп жасына дейінгі балалар топтарында жұмыс атқару біліктіліктерін арттыру принциптері. 1.4. Қазақстандағы қазіргі жағдайда мектепке дейінгі ұйым мамандарын даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері. 1.5. Мектеп жасына дейінгі бала дамуының психологиялық-педагогикалық негіздері 1.6 Мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқыту жұмысының ерекшеліктері
Модуль 2. Тәрбиешінің шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін жетілдіруді жоспарлау	2.1. Тәрбиешілердің шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін жетілдірудің нұсқаулықтары. 2.2. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының мектеп жасына дейінгі балалар топтарында жұмыс атқару біліктіліктерін арттыру жетілдіру жолдары. 2.3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің жоспарын әзірлеу. 2.4. Әр түрлі бала топтарына арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер жоспарының ерекшеліктері. 2.5. Деректерді жинау және талдау әдістері. 2.6. Рефлексия
Модуль 3. Технологиялық ресурстар	3.1. Ресурстарды тиімді және оңтайлы пайдалану. 3.2. Пәнаралық жобаларды құру және жүзеге асыру. 3.3. Жобаларды бағалаудың критерийлері.
Қорытынды бағалау	4.1. Идеядан презентацияға дейін. 4.2. Қатысушылардың дайындаған презентация қорғау. 4.3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің жоспары бойынша рефлексия. 4.4. Курс нәтижелерін талдау және қорытындылау.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Оқу процесін тиімді ұйымдастыру курстың мақсаттарына қол жеткізуге және қатысушыларды барынша дамытуға бағытталған жоспарлауға, әдістемелік қамтамасыз етуге, технологиялық қолдауға және бағалау жүйесіне кешенді көзқарасты қамтиды. «Мектепке дейінгі ұйым мамандарының шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін дамытудың педагогикалық аспектілері» курсы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру құрылымдалуы және оқу мақсаттарына қол жеткізуге бағдарлануы тиіс.

Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі аспектілері: Күнтізбелік жоспарлау: курстың жалпы көлеміне негізделген сабақтардың егжей-тегжейлі кестесін әзірлеу (80 академиялық сағат). Дәрістерге, семинарларға, практикалық сабақтарға және үй тапсырмасына уақыт кестесіне қосу.

Сабақ форматы: қатысушылардың интерактивтілігі мен оқу белсенділігін қамтамасыз ету үшін сабақ форматтарының әртүрлілігі. Дәрістерді, семинарларды, практикалық сабақтарды, мастер-кластарды, дөңгелек үстелдерді және презентацияларын қосу.

Әдістемелік қамтамасыз ету: презентацияларды, әдістемелік құралдарды, ғылыми мақалаларды, кейс-кезеңдерді, ғылыми мәтіндердің үлгілерін және мысалдарын қоса алғанда, оқу материалдарын дайындау және ұсыну. Заманауи технологияларды қолдану: ақпаратқа қол жеткізуді және оқу материалымен өзара әрекеттесуді жеңілдету үшін онлайн ресурстарды біріктіру.

Қашықтықтан оқыту платформаларын, вебинарларды, виртуалды зертханаларды және бірлескен құралдарды пайдалану.

Үлгерімді бағалау: оқытудың әр кезеңі үшін нақты бағалау критерийлерін әзірлеу, соның ішінде өзіндік тапсырмалар, аралық жұмыстар және ғылыми жобаны қорғау. Қатысушылардың нәтижелерін түзету және жақсарту үшін оқытушылармен кері байланыс және кеңес беру. Мониторинг және бейімделу: қатысушылардың үлгерімін үнемі бақылау және кері байланыс пен бағалау нәтижелеріне байланысты оқыту әдістемелерін бейімдеу. Әр түрлі деңгейдегі және қажеттіліктері бар қатысушыларға қосымша ресурстар мен қолдау көрсету. Оқытушылар тобын қалыптастыру: курсты ғылыми зерттеулер мен педагогикалық жұмыс саласында тәжірибесі бар білікті оқытушылармен қамтамасыз ету. Тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді әзірлеу үшін бірлескен жиналыстар мен талқылауларды ұйымдастыру.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

№	Тақырып	Сағат саны	Оқу түрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
1	Мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқытудың педагогикалық негіздері	10 сағат	Лекция, семинар	Презентация Мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқытудың педагогикалық негіздері туралы, тарихи даму мен қазіргі жағдай. Тақырыптық әдебиеттер тізімі, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқулықтар.
2	Тәрбиешінің шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін жетілдіруді жоспарлау	30 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер	Тәрбиешінің шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін жетілдіруді жоспарлау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. Жоспарлау және құрастыру үшін ұсыныстар, материалдар, кейс-стадиялар.
3	Технологиялық ресурстар	30 сағат	Мастер-класс, практикалық сабақтар	Технологиялық ресурстар пайдалану бойынша ұсыныстар. Көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған әдістемелік материалдар мен жаттығулар.
4	Қорытынды бағалау	10 сағат	Презентация қорғау	Қатысушылардың презентацияларын қорғау және бағалау критерийлері. Бағалау парақтары мен қадамдық нұсқаулар. Рефлексиялық жұмыстар.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Білім беру үдерісі интербелсенді оқыту әдістерін қамтиды: ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары құрастыру және талқылау, әдістемелерді сипаттау, дискуссиялар, миға шабуыл, рөлдік ойындар, мәселені ұжымдық талқылау. Тыңдаушылардың шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерін логикалық тұрғыдан сараптамалар жасауға, ҰОҚ мазмұнын өзіндік тәжірибеге сәйкестендіруге және алған білімдерін практикалық сабақтарда қолдануға мүмкіндік беріледі. Оқу үдерісі күнделікті сабақтар мен тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарын да қамтиды. Бағдарлама қазіргі таңдағы интербелсенді әдістер мен технологияларды қолданылу арқылы тәрбие берудің тиімділігін арттыруға бағытталған. Осы ретте шебер-сыныптар, тренингтер, кездесулер, келелі кеңестер өткізіледі.

9. Курстан кейінгі қолдау

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар жаңа білімдерін практикада қолдану үшін түрлі ұйымдармен ынтымақтастық орната алады. Олар конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шараларға қатыса алады. Сондай-ақ, тыңдаушылар өз білімдерін одан әрі тереңдету үшін қосымша тренингтер, вебинарлар және мастер-класстарға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Бағдарлама аясында тыңдаушылар зерттелген тақырыптар бойынша әдістемелік және нормативтік құжаттармен таныса алады, сондай-ақ пәндік әдебиеттер мен зерттеу нәтижелерімен жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Бұл курс білім алушыларға креативтілікті жетілдіруге тиімді түрде қолдануға көмектеседі, әрі олар жаңа әдістемелер мен білімдерді білім беру саласында қолдану дағдыларын меңгереді. Курстан кейінгі қолдау форматын, нысандары мен әдістерін сипаттайды. Креативтілігін қалыптастыру барысында: торлы талқылау, венн диаграммасы, кесте, ЖИГСО, эссе орындау жатады. Біліктілігін дамытуда: INSERT кестесі, алма кезек-сұрақ қою, ассоциация, семантикалық карта жасау жатады.

10. Әдебиеттер тізімі

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920
2. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. <https://5s.ucoz.ru/publ/>
3. Алмешова Ж.К. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми - педагогикалық негіздері // Молодой ученый. 2014. № 4.1 (63.1). -С. 31-33.
4. Балалар психологиясы. Туылғаннан мектепке дейінгі кезең. Оқу құралы Ұ.И.Ауталипова, Х.Шерьязданова, Д.Абдраманова, А.К.Құлымбаева. - Алматы: Отан, 2016. -142б.
5. Загвязинский В.И. Исследовательская деятельность педагога.-М., 2008.
6. Борытко Н.М., Моложавенко А.В., Соловцова И.А. Методология и методы психолого-педагогических исследований. – М., «Академия», 2010.
7. Неудахина НА. Основы педагогического мастерства: Учебно-методическое пособие.-Барнаул: Изд-во АлтГТУ, 2002.
8. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства. Учебное пособие. - Оренбург: РИК ГОУ ОГУ, 2004.
9. Аралбаева Р.Қ. Мектепке дейінгі педагогика. - Алматы, 2012.